# Мемлекеттік кеме тізілімін жүргізу ережесін бекіту туралы

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Көліктік бақылау комитеті төрағасының 2004 жылғы 4 мамырдағы N 30-п бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2004 жылғы 24 мамырда тіркелді . Тіркеу N 2870. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Көлік комитеті төрағасының 2015 жылғы 28 тамыздағы № 119 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Инвестициялар және даму министрлігі Көлік комитеті төрағасының 28.08.2015 № 119 бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 қаңтардағы N 49 қаулысымен бекітілген Кемелер мен оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу ережесіне сәйкес бұйырамын:

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік кеме тізілімін жүргізу ережесі бекітілсін .

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Көліктік бақылау комитетінің Су көлігінде бақылау басқармасы (Р.Қ.Адамова) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеу үшін ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көліктік бақылау комитеті төрағасының орынбасары Қ.Б.Есжановқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

*Комитет төрағасы*

"Мемлекеттік кеме тізілімін жүргізу ережесін бекіту туралы" Көліктік бақылау комитеті төрағасының 2004 жылғы 4 мамырдағы N 30-п бұйрығымен бекітілген

## Мемлекеттік кеме тізілімін жүргізу ережесі 1. Жалпы ережелер

1. Осы Мемлекеттік кеме тізілімін жүргізу ережесі (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 қаңтардағы N 49 қаулысымен бекітілген Кемелер мен оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу ережесіне (бұдан әрі - Тіркеу ережесі) сәйкес әзірленді.

2. Ереже Мемлекеттік кеме тізілімін жүргізу тәртібін белгілейді.

3. Осы Ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

кеменің меншік иесі - Тіркеу ережесіне сәйкес кеменің меншік иесі ретінде тіркелген тұлға;

кеме иесі - меншік құқығында немесе өзге заңды негіздерде кемені иеленуші тұлға;

кемелерді және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көліктік бақылау комитеті.

4. Мемлекеттік кеме тізілімін (1-қосымша) мемлекеттік және орыс тілдерінде қағаз және электрондық тасымалдаушыларда порттың теңіз әкімшілігі (бұдан әрі - ПТӘ) жүргізеді.

5. Мемлекеттік кеме тізілімін жүргізуді бақылауды уәкілетті орган жүзеге асырады.

## 2. Мемлекеттік кеме тізілімін жүргізу тәртібі

6. Кіріс құжаттарын есепке алу кітабы (бұдан әрі - Есепке алу кітабы) (2-қосымша) және кеме істері Мемлекеттік кеме тізілімінің ажырамас бөлігі болып табылады.

Кеме ісі әр кемеге ресімделеді және кеменің тіркеу нөмірімен сәйкестендіріледі. Кемені және осы кемеге құқықтарды мемлекеттік тіркеу үшін келіп түсетін құжаттардың көшірмелері, сондай-ақ Теңіз кемесінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығы туралы куәліктің, Кемеге арналған меншік құқығы туралы куәліктің, Мемлекеттік кеме тізілімінен берілген анықтамалар мен үзінді көшірмелердің көшірмелері кеме ісіне тіркеледі.

7. Есепке алу кітабында және Мемлекеттік кеме тізілімінде әр кемеге бөлек парақ беріледі.

8. Мемлекеттік кеме тізілімі және Есепке алу кітабы жеке журналдарда жүргізіледі, беттері нөмірленген, тігілген болуы тиіс, соңғы бетінде нөмірленген, тігілген парақтардың саны жазылады және ПТӘ басқаратын теңіз портының капитаны растайды.

9. Мемлекеттік кеме тізілімі, кеме істері және Есепке алу кітабы Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген мерзімдердің ішінде сақталады.

Оларды жоюға, сонымен бірге олардан қандай да бір құжаттарды немесе олардың бөліктерін алуға жол берілмейді.

10. Мемлекеттік кеме тізілімінің "Өзгерістер туралы белгілер" бағанында кеме туралы немесе барлық жазбаны жаңартуды талап етпейтін өзгерістер, сондай-ақ оған құқықтардың тоқтауы немесе ауысуы туралы қосымша ақпарат жазылады.

Мұндай мәліметтерге мыналар жатады:

1) жеке тұлғаның тегінің, атының, әкесінің атының, тұрғылықты жерінің өзгеруі, егер меншік иесі жеке тұлға болып табылса;

2) заңды тұлғаның атауының, орналасқан жерінің немесе почталық мекен-жайының өзгеруі, егер меншік иесі заңды тұлға болып табылса;

3) кеменің атауының өзгеруі.

Мемлекеттік кеме тізілімін жүргізу ережесіне
1-қосымша

## Мемлекеттік кеме тізілімі

| р/с N | Мемлекеттік кеме тізіліміне енгізілген күні және тіркелген реттік нөмірі | Кеменің атауы | Меншік иесінің атауы және оның мекен-жайы | Кеме иесінің атауы және оның мекен-жайы | Кеменің бұрынғы атауы (егер ол бұрын шетел туын көтеріп жүзген болса) | Алдыңғы тіркелген порты (орны) және оның жойылған күні (егер мұндайлар болса) | Кеменің түрі және мақсаты | Шақыру белгісі |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |

жалғасы

| ИМО нөмірі | Жүзу ауданы | Кеменің Жоба N | Жасалған жылы және орны | Корпус материалы | Кеменің метрмен габариттік өлшемдері: Ұзындығы (метрмен) | Ені (метр. | Шөгу (метрмен) |
|---|---|---|---|---|---|---|---|

| | | | | жүкпен | мен) | жүкпен| жүксіз
| | | | | жүксіз | | |

10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 | 17 | 18

жалғасы

Су үстінде.| Басты | Жүк |Жолау.|Сыйымдылығы|Қозға.| Құтқару
гі борттың | қозғалт. |көтерім.|шылар |___________| ғыш |шлюпкалары
биіктігі |қыштардың | ділігі |сыйым.|таза| жалпы| түрі | (саны,
(метрмен) | қуаты |(тонна) |дылығы| | | | жалпы
|(түрі және| |(адам)| | | |сыйымдылы.
| саны) | | | | | | ғы)

19 | 20 | 21 | 22 | 23 | 24 | 25 | 26

жалғасы

Жүрістің ең жоғары | |Өзгеріс.| Сенімді |Кемені сенім.
жылдамдығы (тораптарда)|Ескерту| тер |басқарушы. |ді басқаруға
________________________| | туралы |ның атауы |бергені тура.
жүкпен | жүксіз | |белгілер|және мекен-| лы меншік
| | | | жайы |иесінің немесе
| | | | | уәкілетті
| | | | | органның
| | | | |келісімі тура.
| | | | | лы құжаттың
| | | | |деректемелері

27 | 28 | 29 | 30 | 31 | 32

жалғасы

Кеменің ипотекасы туралы мәліметтер

Кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы | Кеменің ипотекасын
мәліметтер | мемлекеттік тіркеудің
| тоқтатылғаны
| туралы мәліметтер

| Кеменің немесе жасалып жатқан кеменің ипотека.сын мем.лекеттік тіркеу туралы куәлік.тік N және берілген күні | Ипоте.каны кепілге беруші.нің аты және мекен-жайы | Ипотеканы кепілге ұстаушының аты және мекен-жайы немесе оның ұсынушыға белгілен.гені туралы мәліметтер | Ипотека.мен қам.тамасыз етілген міндет.темелер.дің ең жоғары мөлшері | Кеме ипоте.касының аяқталу мерзімі | Кеме ипоте.касының мерзі.мінен бұрын аяқталу күні | Кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеуді тоқтатуға не.гіз болған құжаттардың атауы мен деректемелері |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 33 | 34 | 35 | 36 | 37 | 38 | 39 |

Мемлекеттік кеме тізілімін жүргізу ережесіне
2-қосымша

## Кіріс құжаттарын есепке алу кітабы

| N р/с | Құжаттардың келіп түскен күні | Келіп түскен құжат.тардың атауы | Меншік иесінің атауы (мекен-жайы, теле.фоны, факсы) | Кеме иесінің атауы (мекен-жайы, теле.фоны, факсы) | Кеме.нің атауы | Мемлекет.тік тіркеу.ден бас тартқаны туралы жазба | Мемлекеттік кеме тізілім.нен берілген үзінді көшірмелер мен анықтама.лар (кімге және қашан берілді) |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК